

**Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиясы
отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Өткен орны: Алға мектеп-гимназия

07.09.2023 жыл

Қатысқандар: Г.Есенова - Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия төрағасы;

Г.Қуандыкова- Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия хатшысы;

Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия мүшелері;

Баяндамашы: Жалға алушы Г.Наурузбаева

Барлығы: 8 адам.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Мектеп асханасының жаңа оқу жылына дайындығы
2. Буфеттік өнім түрлерін ұсыну және келісу

ТЫҢДАЛДЫ:

Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиясы төрағасы Г.Есенова төмендегідей хабарлама жасады. «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 19-тармағына сәйкес жергілікті өкілетті органдар Қазақстан Республикасы заңдылықтарымен қарастырылғандай жекелеген санаттағы оқитындар үшін жеңілдетілген және тегін тамақты ұйымдастырады.

«Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығын жүзеге асыру барысындағы жалпы білім беретін мекемелердегі оқушылардың тамақтануын сапалы ұйымдастыруды бақылау жөніндегі **Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиясы** құрамы құрылып, жұмыс жоспары бекітілді.

2023-2024 оқу жылында жекелеген санаттары бойынша тегін ыстық тамақпен қамту жұмыстары ұйымдастырылды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығымен бекітілген "Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына сәйкес 2023-2024 оқу жылында жекелеген санаттарда 67 оқушы тамақтанады. Оның ішінде:

1 санат бойынша- (аз қамтылған-3 көп балалы отбасы-27);

2 санат бойынша- (күн көрісі төмен-4, көп балалы отбасы-31);

3 санат бойынша -2 (қамқорлықта-2).

"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығының санитариялық қағидаларына сай асхана жұмыстары ұйымдастырылған. Мектеп асханасы типтік үлгіде, 120 орындық. Бейнебақылау камералары мектептің асханасында және ас блогында орнатылған. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 12 наурыздағы №64 қаулысына сәйкес аудан бойынша бірыңғай мәзір бекітіліп беріледі. Ас мәзіріндегі тағамдар оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес беріліп отыр. Асхана толық жаңа ыдыс аяқпен жабдықталған. 1 адамға 2 жинақтан келеді.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша: Жалға алушы Г. Наурузбаеваның ұсынысы тыңдалды. (Буфеттік өнімдер ұсынысы қосымша жалғанады).

Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиясы Қаулы етеді.

1. Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия оқу жылы аяғына дейін жоспар бойынша мониторинг жұмыстарын жүргізсін.
2. Мектеп тегін ыстық тамақтануды ұйымдастыру жұмыстары үнемі қадағалансын.
3. Ұсынылған буфеттік өнімдер тізімі бекітілсін.

Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия төрағасы



Г.Есенова

Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия хатшысы



Г.Қуандықова